



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

НҰСҚАУЛЫҚ



БЕКІТЕМІН

«Х.Досмұхамедов атындағы  
Атырау университеті» КеАҚ  
Басқарма Төрағасы-Ректор


С.Идрисов







«01» 2021ж.


«ХИМИЯ» КАФЕДРАСЫНЫҢ ЗЕРТХАНАШЫСЫ ҮШІН ТЕХНИКА  
ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

СМЖ № 140

Атырау 2021 ж.


 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«Химия» кафедрасының зертханашысы үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	2 - бет, 10 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
<b>Жасақтаған</b>	Шаруашылық қызметі басқармасының жетекші маманы	Г.С.Жайлаубаева		20.01.21
<b>Келісілді</b>	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	К.М.Утепкалиева		20.01.21
	«Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Атырау облыстық ұйымы» ҚБ Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті филиалының төрағасы	А.Қ.Ахмет		20.01.21
	Пайдалану және техникалық қызмет көрсету басқармасының жетекшісі	Т.Т.Аманов		20.01.21
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшыгулова		20.01.21
	Заң кеңесшісі	К.С.Куанов		20.01.21

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«Химия» кафедрасының зертханашысы үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	3 - бет, 10 беттен тұрады

### Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4	4
2	Қысқартулар	4	4
3	Нормативтік сілтемелер	4	4
4	Қауіпсіздіктің жалпы талаптары	4	4
5	Таныстыру парағы	9	10
6	Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	10	11

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«Химия» кафедрасының зертханашысы үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	4 - бет, 10 беттен тұрады

## 1 Жалпы ережелер

- 1.1 Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңының, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді. Осы нұсқаулықтың мақсаты – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессор-оқытушылар құрамы, студенттер және қызметкерлері үшін қауіпсіз жағдай жасау болып табылады.
- 1.2 Университет нысандарында техника қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік
  - құрылымдық бөлімшенің басшысына;
  - төтенше жағдайлар және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженерге жүктеледі.
- 1.3 Оқу үдерісі кезінде университеттегі техника қауіпсіздігі талаптарының сақталауын қадағалау:
  - құрылымдық бөлімшенің басшысына;
  - төтенше жағдайлар және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженерге жүктеледі.
- 1.4 Осы нұсқаулықтың талаптарының орындалуы университетте үнемі немесе уақытша жұмыс жасайтын барлық қызметкерлер, студенттер үшін, университет аумағында өз қызметтерін жүзеге асыратын немесе басқа да себептермен барлық заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті болып табылады.
- 1.5 Профессор-оқытушылар құрамы, университет қызметкерлері, студенттер осы Нұсқаулықпен таныстырылуы тиісті.

## 2 Қысқартулар

Осы Нұсқаулықта төмендегідей қысқартулар қолданылады:

- АУ- Атырау университеті
- СМК– сапа мониторингі кеңсесі
- АМЖП – академиялық мәселелер жөніндегі проректор
- ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы
- ҚББ – құрылымдық бөлім басшысы
- ТҚ – техника қауіпсіздігі
- ЕҚ – еңбек қауіпсіздігі
- ТЖ – төтенше жағдай


## 3 Нормативтік сілтемелер

- 3.1 Қазақстан Республикасының Конституциясы.
- 3.2 Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі.
- 3.3 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2015 ж. 30 қарашада №927 бұйрығымен бекітілген «Жұмыс берушімен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нұсқаулықтарын дайындау, бекіту және қайта қарау Ережелері».
- 3.3 АУ Жарғысы.
- 3.4 Университеттің ішкі еңбек тәртібі Ережесі.
- 3.5 ИСО 9001:2015 халықаралық стандарты.

## 4 Қауіпсіздіктің жалпы талаптары:

Осы нұсқаулық аналитикалық зертхананың зертханашысы үшін зертханалық жұмыстарды жүргізу кезіндегі еңбек қауіпсіздігі бойынша негізгі талаптарды көздейді.

- Химиялық сараптамаларды орындайтын аналитикалық зертхананың зертханашысы төменде аталғандай қауіпті және зиянды факторлардың

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«Химия» кафедрасының зертханашысы үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	5 - бет, 10 беттен тұрады

әсеріне ұшырауы мүмкін: улану, термиялық және химиялық күйіктер, электр тогымен зақымдану;


- Химиялық сараптамаларды орындауға 18 жасқа толған, кезекті медициналық тексеруден өткен, теориялық және тәжірибелік оқудан өткен, еңбек қауіпсіздігі бойынша бекітілген тәртіпте тексеруден өткен және өздігінен жұмыс жасауға рұқсаты бар тұлғалар жіберіледі;
- Аналитикалық зертхананың зертханашысы арнаулы киімдермен және жеке қорғану құралдарымен (макта-мата халат, кеудешесі бар резиналанған фартук, резина қолғаптар, қорғаныш көзілдірік) қамтамасыз етілуі тиіс;
- Аналитикалық зертхана орынжайын мәжбүрлі сору-сыртқа тарату желдеткішімен және зертханалық шкафтар мен басқа да газ бөлу ошақтары жергілікті тартумен (тяга) қамтамасыз етілуі керек.
- Өте зиянды және улы заттармен жұмыс жасалатын аналитикалық зертхананың орынжайларында желдету жүйесі жеке, басқа орынжайлардың желдету жүйелеріне біріктірілмей орындалуы тиіс.

#### 4.1 Сабақ басталар алдындағы қауіпсіздік талаптары


- Нормалармен қарастырылған арнаулы киімдерді кию және жеке қорғау құралдарын дайындау керек. Газсыздандыру құралдарын және алғашқы өрт сөндіру құралдарын тексеру керек.
- Желдету құралдарының, электр құрылғыларының жарамдылығын тексеру, желдеткішті қосу керек.
- Жұмысқа зертханалық приборлар мен зертханалық құралдарды дайындау керек, олардың жарамдылығына көз жеткізу керек. Ақаулығы бар құрылғыларды және зертханалық құралдарды пайдалануға рұқсат етілмейді.

#### 4.2 Сабақ кезіндегі қауіпсіздік талаптары

- Аналитикалық зертхана орынжайында тиісті тәртіп пен тазалықты қамтамасыз ету керек. Дәліздерді және кіру (шығуларды) қандай да болмасын заттармен, материалдармен, құрылғылармен жауып тастауға жол берілмейді.
- Улы және өртке-жарылуға қауіпті булар мен газдар бөлінетін барлық жұмыстар жергілікті желдетуі қосылып тұрған сору шкафтарында орындалуы тиіс.  
Әйнектері сынып қалған немесе желдеткіштері жасамайтын сору шкафтарын пайдалануға болмайды, сонымен қатар, шкафтарды жасалып жатқан жұмыстармен байланысты емес ыдыстармен, құрылғылармен, және зертханалық құралдармен бөгеп қоюға болмайды.
- Мұнай өнімдерінің сынамаларын, жеңіл тұтанатын еріткіштерді, реактивтерді аналитикалық зертханадан тыс, желдеткішпен қамтылған және өрт қауіпсіздігіне сәйкес келетін арнайы орынжайда сақтау керек.
- Аналитикалық зертханада жұмысқа қажетті мұнай өнімдері және реактивтердің тәуліктік қажеттілігін қамтамасыз ететін көлемін ғана сақтауға болады.
- Аналитикалық зертхананың жетекшісінің рұқсатымен тарту шкафтарында түтінді қышқылдарды, жеңіл ұшып кететін реактивтер мен еріткіштерді, сақтауға болады, бұл кезде, сынамалар жүргізуге рұқсат етілмейді. Егер зертханада бір тартқыш шкаф болса, онда, аталған реактивтерді арнайы белгіленген орынжайда сақтау керек.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«Химия» кафедрасының зертханашысы үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	6 - бет, 10 беттен тұрады

- Сынама үлгілері мен реактивтерді сақтау үшін тығыз жабылатын ыдысты пайдалану керек.
- Химиялық зат бар әрбір ыдысқа заттың аты жазылған жапсырма жабыстыру керек.
- Сынамалар жасау алдында ысытуды қажет ететін мұнай өнімдерін, сонымен қатар, тез тұтанғыш сұйықтықтарды, көбіктеніп кету және шашырауды болдырмау үшін, алдын ала ылғалсыздандыру керек. Аналитикалық зертханада тез тұтанғыш заттарды сулы моншада (водная баня) немесе жабық түрдегі электр плитасында ысыту және қайнатуға болады.
- Тез тұтанғыш сұйықтықтарды ашық от көзінде немесе ашық түрдегі электр плитасында ысытуға рұқсат етілмейді.
- Жылыту және кейіннен буландыру және мұнай өнімдерінің буын салқындату кезінде (айдау, судың көлемін анықтау, және т.б.), алдымен, тоңазытқыш арқылы өтетін судың көлемін реттеу керек, тек содан кейін ғана электр қыздыру құралдарын қосу керек. Мұнай өнімдерін айдау кезінде қабылдаушы ыдыс үнемі сумен салқындатылып тұруын қадағалау керек.
- Судың берілуі кенеттен тоқтап қалған кезде, затты ысытуды тез арада тоқтату керек.
- Мұнай өнімдерін тек зертханашы бар кезде ғана ысытуға болады. Зертханашы аз ғана уақытқа шығып кеткен болса да, ысыту көзін сөндіру керек.
- Агрессивті сұйықтықтарды сақтайтын бөшкелер, бөтелкелер және басқа да ыдыстарды уақытша болса да жұмыс столында, жүру жолдарында және жалпы пайдалану орындарында тастап кетуге болмайды.
- Агрессивті сұйықтықтар бар сыйымдылықтарды екі адам болып, механикаландырылған құралдарды пайдалана отырып, арнайы зембілдерде, екі табанды себеттерде тасымалдау керек.
- Агрессивті сұйықтықтарды аударып құйғанда немесе бөліктерге бөлгенде арнайы қауіпсіз шеттері кейін қайырылған және ауа жүргізу трубасы бар воронкалар пайдалану керек. Сұйықтық төгіліп қалған жағдайда .. және төгілу орнын сумен жақсылап жуу керек.
- Қышқылдар мен сілтілердің төгілу орнын, сонымен бірге, оларды қолдану орындарын жергілікті тартқыш желдетумен қамтамасыз ету керек, таза және сүлгімен, резина түтігі бар қол жуу гидрантымен және көзді шаятын субұрқағымен қамтамасыз ету керек.
- Қышқылдармен және сілтілермен жұмыс жасағанда, резина қолғаптар және көзәйнек кию керек. Төгіліп қалған қышқылға уақ құм себу керек. Қышқылды сіңіріп алған құмды ағаш күрекшемен жинау керек, ол орынға сода немесе ізбес себу керек, одан кейін сумен жақсылап жуу және кепкенше сүрту керек.
- Ащы және улы заттарды ұсату үшін сору желдеткіші астында, жабық келіні пайдалану, қорғаныш көзәйнек және резина қолғаптарды кию керек.
- Барлық улы заттардың есебін қатаң жүргізу керек. Оларды аналитикалық зертхананың жетекшісінің рұқсатынсыз беруге рұқсат етілмейді.
- Сынамалардан қалған мұнай өнімдерінің қалдықтарын, жұмыс жасалғаннан кейінгі реактивтерді және улы заттарды арнайы металл ыдысқа құю және немесе жою үшін беріп жіберу керек. Ондай сұйықтықтарды канализация жүйесіне құюға рұқсат етілмейді.
- Сілтілердің, қышқылдардың және судың қалдықтарын бір ыдысқа құюға болмайды.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«Химия» кафедрасының зертханашысы үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	7 - бет, 10 беттен тұрады

- Зертхана ыдыстарын, зертхананың басқа жұмыс бөлмелерінен бітеу отқа жанбайтын қабырғамен бөлінген өз алдына шығу есігі бар арнайы жуу бөлмесінде жуу керек.
- Жуу бөлмесін өз алдына тарту-сору желдеткішпен және ыдыс жуу орнын тарту желдеткішімен жабдықталуы қажет.
- Сұйықтықтар құйылған әйнек колбаларды алып жүргенде екі колмен – бір колмен ыдыстың астынан, екінші колмен – мойнынан ұстау керек.
- Әйнек түтіктер мен таяқшаларды сындыру керек болған жағдайда, немесе оларға резина түтіктер кигізгенде, оларды матамен (сүлгімен) орау керек.
- Әйнек түтікшелерді және таяқшаларды, оларға резина түтікшелер кигізбес бұрын, олардың сынған және үштік жерлерін ерітіп, су немесе глицерин жағу керек.
- Улы және агрессивті заттармен жұмыс жасалатын орынжайларда тамақ сақтауға және ішуге болмайды.
- Зертхана ыдысын жеке пайдалануға рұқсат етілмейді.
- Қолды сабындап жылы сумен жуу және орамалмен құрғатып сүрту керек. Қолды мұнай өнімдерімен жууға рұқсат етілмейді.

**Зертхана орынжайында болмайды:**


- Еденді, зертхана столдарын, бензинмен, керосинмен және басқа да тез тұтанатын сұйықтықтармен жууға;
- Шашылған мұнай өнімдері мен реактивтерді тазаламай қоюға болмайды;
- Шашылған өртке қауіпті және тез тұтанғыш сұйықтықтарды жанып тұрған горелкалар мен қосулы тұрған электр қыздыру құралдарымен бірге жинауға; жұмыс бөлмесінен тыс жерде орналасқан ажыратқыш (рубильник) арқылы сөндіру керек.
- Киімдерді тез тұтанғыш сұйықтықтармен жуу және тазалауға; ашық от көзін пайдалануға, темекі шегуге.

**4.3. Оқыс оқиғалар және экстремалды жағдайлардағы қауіпсіздік талаптары**

- Бензин, эфир және басқа да өртке қауіпті сұйықтықтар төгілген жағдайда, горелкаларды сөндіру, газдың жалпы вентилін жабу, электр қыздыру құралдарын сөндіру, төгілген затты жинау керек. Өрт шыққан кезде желдеткішті тоқтатып, осы жағдай туралы өрт сөндіру бөліміне және тікелей басшыға хабарласу, алғашқы өрт сөндіру құралдары арқылы өрт сөндіруге кірісу керек. газдың иісі шыққан болса, газ желісі бойындағы жалпы тоқтату вентилін жауып, орынжайды желдету және пайда болған кемшіліктерді жою үшін шаралар алу керек. Баллон вентилінің тығыз емес орындарын анықтау үшін сабынның ерітіндісін жағу керек.
- Орынжай толықтай желдетіліп болмайынша, қыздыру және жарық беру құралдарын қосуға болмайды.
- Оқыс жағдайлар орын алатын болса, жарақат алушыға алғашқы медициналық көмек көрсету керек, жедел жәрдем шақыру немесе жарақат алушыны емдеу орнына жіберу керек, әкімшілікке хабарласу керек.
- Аналитикалық зерхана зертханашысы алғашқы көмек және өзіне өзі көмек көрсету тәсілдерін жақсы білуі тиіс (медицина қызметкері көмек көрсеткенше).

**4.4. Сабак аяқталғаннан кейінгі қауіпсіздік талаптары**

- Электр қыздыру құралдарын және горелкаларды сөндіру керек;
- Су және газ крандары мен вентилдерін жабу керек.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«Химия» кафедрасының зертханашысы үшін техника қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық	8 - бет, 10 беттен тұрады

- Реактивтермен, тез тұтанатын сұйықтықтар бар банкілерді жабу керек;
- Аналитикалық зертханадан арбитраждық сынамаларды оларды сақтау орнына апару керек;
- Ыдыстарды, зертхана құралдарын жуу және оларды сақтау орнына апару керек.
- Жұмыс столы мен еденді сумен жуу және сүрту керек.
- Желдеткішті тоқтату керек.
- Майланып қалған маталар, және басқа да осы сияқты материалдар салынған, жабық металл жәшіктерді аналитикалық зертханадан тыс арнайы белгіленген орынға апару керек.
- Киім ауыстыру, бет пен қолды жылы сумен сабындап жуу және душ қабылдау керек.

Профессор-оқытушылар, қызметкерлер мен білім алушылар ішкі тәртіп ережелерін, санитарлық-эпидемиологиялық режимді, өрт қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігін сақтауға жауапты.

Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Басқарма Төрағасы-Ректордың рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолымен құжат түрінде бекітіледі.

Түпнұсқаға және есептік жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Нұсқаулықтарды әзірлеу тәртібі талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Түпнұсқа мен есептік жұмыс даналарына түзетулер мен толықтырулар енгізуге шаруашылық қызметі басқармасының жетекші маманы мен ТЖ және ТҚ жөніндегі инженер жауапкершілікте болады.

Нұсқаулық қажет болған жағдайда қайта қарастырылады.

Ұйымның атауы өзгерулері кезінде немесе құрылымдық бөлімше атауы өзгерген кезде Нұсқаулық ауыстырылуы тиіс.

Ауыстыру кезінде күші жойылған Нұсқаулықтың университетте бар барлық даналары алынып тасталады және жаңасымен ауыстырылуы керек.

Күші жойылған Нұсқаулықты алмастыруға және алып тастауға ТЖ және ТҚ жөніндегі инженер мен ҚББ жауапты.

Нұсқаулықты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық талаптарға және ИСО 9001:2015 ХС сәйкес келістіруді СМК жүзеге асырады.

Нұсқаулықты шаруашылық қызметі басқармасының жетекші маманы мен ТЖ және ТҚ жөніндегі инженер дайындайды.

Нұсқаулық Басқарма Төрағасы-Ректормен бекітіледі және оның өзгертілуіне дейін әрекет етеді.

Нұсқаулықтың есептік жұмысшы даналарының бөлімшелерде сақталуына жауапкершілік ҚББ тиесілі.





